

**Педагогикалық кеңестің
№1 хаттамасы**

31.08.2022 ж

Қатысқандар: 11

Күн тәртібі:

1.а) Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптары және ережелерін таныстыру.

ә) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарымен таныстыру.

2. Балабақшаның жылдық жоспары, күн тәртібі, ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесін бекіту

3. «Менің отбасым» Баяндама

4. «Менің отбасыммен демалысым» фотосуреттер көрмесі.

1.Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.П.Шерін сөз алды:

Тағы да бір оқу жылына аяқ басқалы отырмыз. Жаңа оқу жылындағы жаналықтар Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптары және ережелерін таныстырып өтейін. Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

-физикалық дамыту;

-коммуникативтік дағдыларды дамыту;

-танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту

-шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс әрекетін дамыту;

Әлеуметтік эмоцияналды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады. Физикалық даму балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру келесі ұйымдастырылған іс әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады.

1) дене шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру)

2) Сөйлеуді дамыту;

3) Көркем әдебиет

4) Сауат ашу негіздері;

5) Қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда)

6) Сенсорика

7) Математика негіздері;

8) Құрастыру;

9) Қоршаған ортамен таныстыру

10) Сурет салу;

11) Мүсіндеу

12) Жапсыру;

13) Музыка

Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс әрекеттер берілді.

ә) Ұйымдастырылған іс-әрекет - Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, кимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын іс-әрекет.

Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды қарастырады.

«Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш рет дене шынықтыру нұсқаушысымен мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді, ол кимыл белсенділігі, денешынықтыру-сауықтыру шаралары (таңертеңгі жаттығу, сергіту сәті, шынықтыру шаралары), мәдени-гигиеналық дағдылар, ойын әрекеті, дербес белсенді және т.б. әрекеттер арқылы күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады. Балалардың дене белсенділігін арттыру үшін кимылды ойындарға соның ішінде ұлттық кимылды ойындарға басымдық беру және балалардың дербес кимылды әрекетін таңертең, таңғы астан соң, серуен кездерінде, ұйқыдан соң өткізу ұсынылады.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қарастырады.

Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі (мектепке дейінгі ұйым кестесіне сәйкес аптасына ортаңғы және ересек топта бір рет, мектепалды топта 2 рет) ұйымдастырылған іс-әрекеті қарым-қатынас, заттық әрекет, ойын әрекеті, еңбек әрекеті, бейнелеу, шығармашылық әрекет (балаларға кітап оқып беру, кітаптарды, иллюстрацияларды қарау) театрландырылған, дербес және басқа да әрекет түрлері арқылы күн сайын күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады. Балалардың сөйлеуін тек ұйымдастырылған іс-әрекеттерде ғана емес, күні бойы режимдік сәттерде, еркін ойын кезінде оларға түрлі сұрақтар қою (сұрақтарды қойғанда «иә» немесе «жоқ» деп жауап беретін жалпы сұрақтар немесе барлығы қосылып жауабын бірге айтуға арналған сұрақтар емес, әрбір бала жеке жауап бере алатындай сұрақтар) арқылы, балаларды көбірек сөйлесуге, бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, олармен кез-келген мәселе бойынша әңгімелесіп, олардың пікірін тыңдау және т.б. арқылы дамыту ұсынылады.

Тәрбиелеу білім беру процесі: перспективалық жоспарға, циклограммаға, бала дамуының мониторингі арқылы жүзеге асырылады.

2. Тыңдалды: Балабақшаның жылдық жоспарымен ұйымдастырылған іс әрекетінің кестесін бекіту.

Сөйледі: А.П. Шеріп – балабақша меңгерушісі: Педагогикалық іс – өте нәзік іс, қызметтік іс. Ол тәрбиешіден өте сезімталдықты, балаға деген сүйіспеншілікті,

бала жанын бірден танитын, қырағылықты талап етеді. Бұл ғасыр марғаулықты көтермейтін ғасыр. Демек, әлемдік бәсекелестіктің жылдам дамуына ілесе алатындай білімді де тапқыр дара тұлғаның тағдыры біздің қолымызда аманат ретінде тапсырылып отыр. Аманатқа қиянат жасамау – халқымыздың ізгі дәстүрі. Ата-аналардың аманатын жетілдіру мақсатында жана оқу жылына жаңа міндеттер жоспарлап, күн тәртібін, ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесін түзіп, оқу-тәрбие жұмысын жүргіземіз.

Перспективалық жоспарды ұйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша тәрбиешілер, жас тобында жұмыс істейтін педагогтер (қазақ тілі мұғалімі, дене шынықтыру (жүзу) нұсқаушысы, музыкалық жетекшісі) оқу жылы басталғанға дейін жылына бір рет жасайды. Перспективалық жоспарда әрбір ұйымдастырылған іс-әрекеттердің Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде бір айғаміндеттері айқындалады.

Циклограмманың ұйымдастырылған іс-әрекет бөлімінде мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізілетін денешынықтыру, қазақ тілі, сауат ашу негіздері және музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері толтырылады. Бұдан басқа ұйымдастырылған іс-әрекеттер түрлі балалар әрекеттері арқылы күні бойы күн тәртібіне сәйкес толтырылады және іске асырылады.

Циклограмма әр аптаға құрылады, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуын камтамасыз етеді.

Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылады.

Циклограмманы жоспарлауға қойылатын талаптар:

- аптаның әрбір күніне Перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған іс-әрекеттердің міндеттеріне сәйкес балалармен өткізілетін әрекет түрлерін анықтау;
- әрбір әрекет түрлерін өткізуде бағдарлама мазмұнын жүйелілік пен сабақтастық қағидасын сақтай отырып беру;
- балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологияларды, әдістер мен тәсілдерді қолдану;
- әрбір балалар әрекетін ұйымдастыру үшін жайлы заттық дамытушы ортаны (орталықтарға бөлу және оның балаларға қолжетімді болуын қарастыру, оның мүмкіндіктерін барынша қолдану) құру.

Топтарда бұрыштар безендіріледі, дамытушы орта мазмұндары жаңартылып, толықтырылады. Бекітілген күн тәртібі, сабақ кестесі өз уақытында орындалуын қадағаланып, сабаққа еніп, педагогикалық үдеріс сапасын қадағалауды меңгеруші М.Байгунусова басшылыққа алып жүргізетіндігін мәлімдеді.

3.Тыңдалды: Тәрбиеші: У.Ақшабаева «Менің отбасым» атты баяндама оқыды. «Баланың бүгінгі демалысы – олардың ертеңгі өміріне көзқарасы» Балалардың демалысын ұйымдастыру қашанда маңызды мәселенің бірі болып саналады.Тәрбиенің ең тамаша ортасы отбасы,екенін,олардың бала тәрбиесіндегі мүмкіндіктерінің жоғары екенін ұқтыру,бала мен қарым-қатынасты жақсарту.Ата-анаға баланың жан дүниесін түсіне білуге кеңестер беру.Ұлттық тәрбиенің маңызы зор екенін айтып түсіндіру.«Бала ойынына талаптар», «Бала дамуының көрсеткіштері» «Тіл дамыту негіздері».Жыл бойына жүргізілетін жоспарларды ата-аналар мен бірлесе отырып жасаған тиімді.Себебі заман талабына сай ата-аналар өзекті мәселелерді әр түрлі таөырыптарды өздері ұсына алады.Бүгінгі жас

отбасылар-еліміздің ертенгі –рухани кемелденіу дәрежесіне жеті үшін ұлттық тәрбиенің де алар орны ерекше.Қзақстан мемлекеті үшін бар білімі мен қаабілетін сарап ететін, елін, туып өскен жерін, тілін, халқының тарихын ,діні мен мәдениетін ,жеке тұлға тәрбиелеу-жалпы жұртшылық әкімшіліктер мен білім беру мекемелердің басты міндеті.Отбасында өсіп келе жатқан ұл қызға тәлім тәрбие беру мақсаты мен арнай ата -аналарды балалар мен балабақша ауласын көгалдандыру іс-шараларына қатыстыра отыра ,қоршаған ортаға табиғатты сүйоге,еңбекке деген сүйіспеншіліктерін арттырдық.Абай атамыздың «Ойын ойнап ән салмай,өсер бала болама» деген мақсаты мен ата-аналарды балаларды спорттық ойындар кешендеріне қатысуы жие жоспарланып отырады.Себебі ойындардың басты тәжірибелік мәні –болашақ ұрпақты жан -жақты дамытып ,ой-өрісін орбітеді. «Әкем анам және мен»атты спорттық жарыс өткізіп ,ата-анамен балабақшаны бір-біріне жақындастырып, қиыншылықты бірге жеңіп ,табысқа жетуге баулиды. Отбасы педагогикалық процеске тарту,тәрбиеші жеке басына құрметтеп ,сенімен қарауға итермелейді .Осы тұрғыда балалардың ата-аналарының үйлеріне бару,бұл мақсатта әр түрлі болуы мүмкін.Тәрбиешінің отбасына баруы ,ата-аналарда тәрбиешінің жеке басы туралы көз қарастарын,оның балаларының қарым –қатынас тәсілдері мен әдістері жайлы түсініктерін қалыптастырады.Тәрбиеші соны мен қатар ата-аналардың нені қадірлейтінін,өмір жағыдайы психологиялық ахуалы туралы мәлімет алады.Осы мақсатта ата-аналарды топ өміріне тартып,әр түрлі бірлескен іс-әрекеттер түрлерін ,мерекелер мен сауық кештерінің ұйымдастырылуы қажет .Толық емес от басында тәрбиеленіп жатқан балаларға ата-аналардың толық мүмкіншіліктері жетпей жатқанда ,қаржы мәселесін тұрмыстық мәселенің шешуін таба алмай,еңселері түсіп жүрген ата-аналарға психологиялық тұрғыдан көмек болатындай баяндамалар кенестер ұсынамын.Бұл отбасылардың өмірдің бастарына түсірген тауқыметіне қарсы тұра алатындай өмірге тез бейімделіп кетуіне себеп болады.Ұжымымызда әлеуметік жағыдайы төмен көп балалы отбасына көмек ұйымдастырылады. «Қайырымды болсаң өзгеге,шапағаты тиер өзіңе»акция ұйымдастырылды.Отбасы мен балабақша –бұл екі тәрбиелік феномен .Әрқайсының әлеуметтік тәжірибесі балаға берері бөлек ,алайда екеуінің үйлесімділігі кішкентай баланың үлкен өмірге ыңғайлы ықпал жасайды.Ата-аналар және балабақшаның өз ара қарым –қатынасының бірден қалыптасу сирек кездеседі.Бұл ұзақ мерзімді протцесс ,тандалған мақсаты ұдай зерттеуі,шыдамдылықты талап етуші ,ұзақ еңбекті қажет ететін еңбек.Сондықтан ұйымның өзара қарым-қатынасы өте қиын жұмыс.Оның нәтежиесі педагогтың шыдамдылығы мен талапшылдығы мен оның отбасында кәсіби көмекші болу іскерлігі мен анықталады.Барлық бұл әрекеттер әрбір баланың ойлау және танымдылық қасиеттерін шығармашылық қасиеттерін, ең басты,оны жеке тұлға ретінде қалыптастыруға бағытталады .

4.Тыңдалды: «Менің отбасыммен демалысым» фотосуреттер көрмесі.

Сөйледі:Балабақша меңгерушісі А.П.Шеріп көрмені бағалап өтті.

Мақсаты: Балалардың отбасылық суреттерін менің отбасыммен демалысым» көрме фотосуреттер көрмесіне қойылған суреттерді тамашалау арқылы, балалардың отбасындағы құндылықтарды дәріптеу. Балалардың отбасындағы бақытты шақтарын көру қандай бақыт. Көрме жақсы ұйымдастырылған.Бірақ балалардың отбасымен түскен суреттері толық емес, балалардың барлығы қатыса алмаған деген сөз. Алдағы уақытта мұндай кемшіліктер орын алмайды деген сенімдемін.

Шешім:

1. Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптары орындалсын және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы оқу тәрбие үдерісіне ендірілсін.
2. Жауапты:Менгеруші А.П.Шеріп педагогтар
3. Бекітілген күн тәртібі,ұйымдастырылған іс әрекет кестесі бойынша оқу-тәрбие үдерісі жүргізілсін.
Жауапты:А.П.Шеріп,педагогтар.
4. «Менің отбасым»атты баяндамада айтылғандай баланың отбасымен тығыз байланыста болу.Жауапты:Тәрбиешілер
5. «Менің отбасыммен демалысым»атты көрмеге жақсы деген баға берілсін.

Төрайымы:
Хатшы:



А.П.Шеріп
У.Ақшабаева

Педагогикалық кеңестің

№2 хаттамасы

Қатыскандар: 11

05.10.2022ж

Күн тәртібінде:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Мектепке дейінгі балалардың танымын жетілдіру жолдары. Баяндама
3. Балалардың танымын серуен арқылы дамыту. Пікір алмасу.
4. Ашық ұйымдастырылған іс әрекетін талқылау. «Ана тілің арың бұл» Ересек топ Тәрбиеші: Г.Түркістан

1. Тыңдалды: Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы.

балабақша меңгерушісі А.П.Шеріп - бекітілген күн тәртібінің мазмұнына, бала тәрбиесінде пайдасы жөнінде айтты. Бала жақсы жетілу үшін дұрыс тамақтанып, демалып, ойнап, спортпен шұғылданып өсуі тиіс. Күн тәртібінің элементтері өз уақытында орындалса, балалар да соған дағдыланып, тазалыққа, тәртіпке, әдептілікке үйреніп, қалыптасады. Ата-аналармен де балалардың бейімделуі, дамуы, қалыптасуы жөнінде кеңесіп, күн тәртібінің мазмұны жөнінде әңгімелер өткізуді жоспарлауды тапсырамын. Жоспар бойынша еңбектеніп, ата-аналармен үнемі тығыз байланыста болайық.

Сонымен бірге балалардың танымын арттыруда, қозғалыс және байланыс құралдарының қажеттілігі мен қызметі жөнінде білімдерін тиянақтауда түрлі ойындар жоспарлану тапсырылған еді. Балалардың өмірін қызықты және тиімді ұйымдастырудағы апталық жоспарда жоспарланып қадағалануда, толықтырулар енгізілді деді.

2. Тыңдалды: Мектепке дейінгі балалардың танымын жетілдіру жолдары. Баяндама

Сөйледі: Тәрбиеші А. Молдақұлова «Мектепке дейінгі балалардың танымын жетілдіру жолдары» тақырыбында баяндамасын оқыды. Баяндамада: бүгінгі қоғам саясаты дамыған мемлекеттер қатарына ерудің негізгі жолы – жас ұрпақтың білімді, сапалы бәсекеге қабілетті тұлға болуын талап етіп отыр. Осындай аса жауапты міндеттің баянды болуы балабақша табалдырығынан басталатыны белгілі. Мектепке дейінгі кезең болашақ танымдық, әлеуметтік, жеке тұлға болып жедел даму кезеңі. Сол себепті осы даму дейінгі балаларда қоршаған ортамен таныстыру сабағын оқытудағы міндет – олардың қоршаған орта, табиғат туралы түсініктерін қалыптастыру, танымдық ұғымдарын кеңейту жөнінде айтылды.

3. Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі А.П.Шеріп «Балалардың танымын серуен арқылы дамыту» тақырыбында пікір алмасуға шақырды. Педагогтар өз тәжірибесімен байланыстыра отырып ой бөлісті.

Сөйледі: Әдіскер Л.Саримсақова : балаларды серуенде жыл мезгілдерінің құбылыстарымен байланыстыра отырып, табиғаттағы әдемілік, өлі табиғат пен тірі табиғаттың байланысына, сұлулығына, тамсануға, сақтауға, қорғауға тәрбиелейміз. Оған мейірімділікпен қарауға үйретеміз.

Сөйледі: Л.Саримсақова біздің топтағы 4 жасар балалар күзгі табиғатты бақылау арқылы қарапайым өзгерістерді атап үйренеді, күн қысқа, ауа райы суытады,

жаңбыр жауып, жерде шалшық сулар жиналады, жапырақтар түсіп күннің жылуы аз, құстар жылы жаққа кетіп, жәндіктер болмайды деген ұғымдар қалыптасады.

Сөйледі: Балабақша меңгерушісі А.П.Шеріп балалар қоршаған ортада тек табиғат құбылыстарынан басқа транспорт түрлері, үлкендердің еңбегі, заттардың орны, пайдасы жөнінде де ұғымдарды байқап, аңғара бастайды. Жас ерекшеліктеріне сай сұрақтар қоя бастайды. Өсімдіктер, жануарлар, табиғат өзгерістері туралы сұрақтар қояды деді.

4.Тыңдалды: Ашық ұйымдастырылған іс-әрекетін талқылау. «Ана тілің арын бұл» тәрбиеші У.Ақшабаева

Сөйлегендер: тәрбиеші Г.Түркестан -тәрбиеші сабақты жақсы дайындаған. Дамытушы орта балаларға ыңғайлы, қолайлы көрнекіліктер сапалы, әдемі. Техникалық құралдар пайдаланды, бейнетаспа көріп, ән тыңдатты. Маған ұнады. Шығармашылықтың өнімді түрі алынды.

Меңгеруші А.П.Шеріп – Г.Түркестан тіл байлығы, сөз мәнері жағымды және басқа саламен сабақтастығы, тығыздығы жақсы. Халықтық педагогика, тілге ,саусакка жыттығулар алған.Балалар шығармашылық жұмыстарды қызыға орындады.

Балабақша меңгерушісі А.П.Шеріп - сабақтың құрылымы қызықты. Балалар көбіне хормен жауап беріп отырды., жеке жауап талап етілмеді.Балалардың алдына берілген құралдар ыдыстарға салыну қажет, үстел үстіне тастай салуға болмайды. Ондай ұсақ қателіктер жібермеуге тиістіміз.

Шешім:

1.Шешімнің орындалуын қадағалау.

Жауапты: меңгеруші:А.П.Шеріп

2.Тәрбиеші А.Молдакулова баяндамасындағы балалардың танымын жетілдіру жолдары оқу-тәрбие үдерісінде пайдаланылсын. Жауапты: Меңгеруші А.П.Шеріп, педагогтар.

3.Серуен арқылы балалардың танымын арттыруда тақырыбы жыл мезгілдерінің құбылыстарымен байланыстырып алынсын.

Жауапты:меңгеруші А.П.Шеріп, педагогтар.

4.Тәрбиеші Г.Түркестан сабағы балабақша ішінде озық тәжірибе ретінде пайдаланылсын. Жауапты:меңгеруші А.П.Шеріп, педагогтар.

Төрайымы:
Хатшы:



А.П.Шеріп
А.Молдакулова

Педагогикалық кеңестің

№3 хаттамасы

02.12.2022 ж

Қатысқандар: 11

Күн тәртібінде:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. «Қазіргі мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың инновациялық бағыттары». Баяндама. Тәрбиеші: У.Ақшабаева
3. ХХІ- ғасырдың тәрбиешісінің болмысы қандай болу керек? Дөңгелек үстел.
4. Ашық ұйымдастырылған іс әрекетін талқылау

1.Тыңдалды: Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша меңгерушісі А.П.Шеріп -жалпы балабақшада балалардың танымдық құзыреттілігін дамытуда жоспарлы түрде көптеген жұмыстар атқарылуда. Балабақшамызда балалардың танымын арттыруда күнделікті өткізіліп тұратын ұйымдастырылған оқу қызметі, серуендер мен ойындар кезінде заттардың қасиеттерін бағдарлауға, қоршаған ортаны тануға, құрастыру дағдыларын қалыптастыруда, экологиялық мәдениет негіздерін, қарапайым математикалық ұғымдарын қалыптастыру, іздеу және эксперименталды іс-әрекеттер ұйымдастырылып, ақпараттық жұмыстар өткізілуде. Демек әр баланың жас ерекшелігіне сай, заттардың қасиеттері мен айырмашылығын сипап сезу; есту, ніскеу арқылы ажыратуға, адамдардың іс-әрекеттерімен, өлі және тірі табиғатпен байланыстырып, себеп-салдарын түсіндіруге, топтастыруға, жүйелеуге, кеңістікті бағдарлауға, табиғатта өзін-өзі ұстай білуге, ересектердің көмегімен түрлі зерттеу мен эксперименттер жасауға, түрлі ақпаратты қалай алуға, ұсынуға болатынын түсінеді. Жыл бойына танымдық құзыреттілікті дамыту жұмыстары жалғасады және тәрбиешілер дайындықпен жүргізеді.

2.Тыңдалды: Тәрбиеші У.Ақшабаева «Қазіргі мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың инновациялық бағыттары» тақырыбында баяндама оқыды. Баяндамада қазіргі заманда білім беру технологиялары кең тарала бастап, уақыт пен қоғам сұраныстары жоғары деңгейде қанағаттандыруды талап етуде. Соның педагогикалық технологияларының бірнеше түрін атап өтті: Эссе құрастыру, тірек сызбалар түзу, семантикалық кесте түзу, ойын арқылы оқыту, мультимедиялық құралдарды пайлану, компьютерлік ойындар пайдалану, өз пікірін ерекше айтуға үйрету, әдістен тыс тәсілдер қолдану. Қорытындылап айтсақ бүгінгі күннің талабының ерекшелігі жылдам, қазіргі ортада өмір сүруге қабілетті, өзіндік дамуға даяр, өзі үшін де қоғам үшін де бар мүмкіндігін пайдалана алатын білімді, шығармашыл тұлғаны қалыптастыру. Соған біздер де өз үлесімізді, іздену арқылы қосып отыруға міндеттіміз деп аяқтады.

3.Тыңдалды: «ХХІ-ғасырдың тәрбиешісінің болмасы қандай болуы керек?» тақырыбында педагогтар әңгіме-сұхбат өткізіп дөңгелек үстел басында өз ойларын білдірді.

Ересек топ тәрбиешісі Г.Түркестан сөз алды: Балабақшада тәрбиеші болу кез келген өнер сияқты көп қырлы және ауыр еңбек. Әртүрлі жағдайларға байланысты тәрбиешінің түрлі рөлдерге жиі енуіне қажеттілік болып жатады. Балалар үшін барлығын білетін ұстаз да ойын кезіндегі жақсы досы, үнемі бала жанын түсінетін жақын адам.

Менің ойымша, жақсы тәрбие беру-бақша материалдары мен бағдарламаны меңгеру ғана емес, ең бірінші баланың күлімдеуі.

әр тәрбиеші күн нұрымен ілесе келген сәбидің мөлдіреген көздерін көруімен бақытты;

сол балақайдың періште тілінде сөйлеген бал тілін естуімен бақытты.

әр тәрбиеші бүлдіршіндердің сыңғырлаған күлкісін естуімен бақытты.

әр тәрбиеші біріне бірі ұқсамайтын тәтті де, ерке қылығын сезінуімен бақытты.

әр саусаққа жан бітіріп, түрлі дағдыларды үйретуімен бақытты.

әр балаға қызықты ертегі айтып, қиялын самғатып-ұшырумен, алғашқы білім беруімен, сауатын ашумен бақытты.

әр тәрбиеші бүлдіршіндердің тәтті ұйқыға енген сәтін көрумен бақытты.

әр тәрбиеші сол кішкентай шәкірттерінің ұядан ұшып, өмірдің толқынына қосылып, үлкен, мықты, дарынды азаматтар болғандығына куә болып, сол жеткіншектің тағдырына аз да болса өз үлесін қосқандығымен бақытты.

Балабақша меңгерушісі А.П.Шеріп сөз алды: Менің ұғымым бойынша әрбір тәрбиеші- тәрбиешінің жеке басының ізгіліктілігінің бағыттылығы, қоғамдық борыштылық пен жауапкершілікті сезінуі, кәсіптік маман ретінде терең де, тиянақты ғылымдық білімінің болуы, педагогикалық технология мен әдістемесін меңгеруі, бірнеше баланы тәрбиелеу ғана емес, бүкіл әлемді, болашақты қалыптастыру деген ұғымды түсінуі керек.

Шәкәрім Құдайбердиевтың «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады. Олар барлығынан басым болған адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек» Бұл сапалар адамды дүниеге келген күннен бастап тәрбиелейді. Сол сапаларды өзімде, өзімнің жан дүниемді қалыптастыруға тырысамын деді. Сонымен қатар барлық педогогтар өз ойларымен, алға қойған мақсаттарымен, жеткен жетістіктерімен, кездескен көкейтесті мәселелер мен кедергілер, көзқарастары туралы айтып өтті.

Балабақша меңгерушісі А.П.Шеріп сөз алды:

Келешекте тек ізденіс үстінде көремін деп ойлаймын, сіздердің пікірлеріңізді құрметпен, қосыламын алдағы уақытта да қуатты, жігерлі, сауатты нәтижелер күтемін деді.

4.Тыңдалды:

Ашық ұйымдастырылған іс әрекетін талқылау.«Геометриялық пішіндер»

Сөйледі: Г.Түркестан Ерсек топ тәрбиешісі -маған сабақтың құрылымы ұнады, балалардың зейіні жан-жаққа шашырамай бәрі тапсырманы орындап отырды, сұрақтарға да ойланып жауап берді.Барлығы балаларға түсінікті, ыңғайлы етіп алынған. Тәрбиеші жақсы дайындалған.

Сөйледі:тәрбиеші Г.Түркестан -педагог пен балалардың ортасындағы ынтымақтастық, қарым-қатынас жақсы екен, әр балаға берілген тапсырма, баланың қабілеті мен белсенділігін ескерген.

Сөйледі: Балабақша меңгерушісі А.П.Шеріп балалар геометриялық пішіндерді ажырата алды деп ойлаймын.

Шешімі:

1. Кенес шешімдерінің орындалуы қадағалансын.
2. Аталған инновациялық әдіс-тәсілдер оқу-тәрбие процесіне ендірілсін.
3. Әр тәрбиеші жаңа тұрпатты педогог болуға талаптанып, ізденсін.
4. Тәрбиеші сабағы озық тәжірибе ретінде, тәрбиешілердің тәжірибесіне ендірілсін.

Төрайымы:

Хатшы:



А.П.Шеріп

У.Ақшабаева

**Педагогикалық кеңестің
№4 хаттамасы**

20.03.2023ж

Қатысқандар: 11

Күн тәртібінде:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастырудағы жаңа тұрпатты педагогтық рөлі. Баяндама.
3. Педагогикалық ұжымдағы әлеуметтік-психологиялық ахуалды бағалау. Педагогикалық ұжымды психодиагностикалау.
4. Балаларды өмір қауіпсіздігі мен жолда жүру ережелерімен таныстыру. Тақырыпты тексеру қорытындысы. Барлық топ.
5. «Не домалақ ішінде?» Ұйымдастырылған іс әрекетін талқылау.

1.Тыңдалды: Өткен кеңестің шешімінің орындалуы жөнінде балабақша меңгерушісі А.П.Шеріп сөз алды: Мектепке дейінгі ұйымдар қазіргі білім саласының алғашқы сатысы болып саналады. Қ.Р Білім және Ғылым министрлігінің бағдарламаларында көрсетілгендей, мемлекеттік стандарт талаптары мен ережелеріне сай оқу-тәрбие процессін ұйымдастарудамыз. Күн тәртібіне сай күнделікті ұйымдастырылған іс әрекеттер ,ойындар, еңбек, серуен, мәдени-гигиеналық, шаралар жас ерекшеліктеріне сай, жауапкершілікпен, дайындықпен өткізілуі тиісті.Тәрбиешілерге балаларды жалықтырып алмайтын, ықылас ынтасын, зейінін ұстап тұратын ұйымдастырушылық қабілет, ықылас қажет.

2.Тыңдалды: Тәрбиеші Г.Амирова «Бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастырудағы жаңа тұрпатты педагогтың рөлі» тақырыбындағы баяндамасын оқыды. Баяндамада: «Қ.Р жоғары педагогикалық тұжырымдамасында» жаңа қоғамдағы мұғалім моделінің үлгілері көрсетіліп берілгенін, жоғары білімді мұғалімдерге қойылатын талаптар қазіргі қоғам қажеттілігінен туындайтынын, жаңа қоғам мұғалімі тек кәсіби шеберлігі жоғары адам ғана емес, рухани дамыған, шығармашыл, мәдениетті, білім құндылығын түсінетін, педагогикалық технологияларды меңгерген, ғылым мен техника жетістіктері негізінде даярланған болуы тиіс екенін айтты.

Балабақшада берілген тәрбие-барлық тәрбиенің бастамасы, әрі жан-жақты тәрбиемен дамыту ісінің түпкі негізін қалайтын орын. Балаларды жеке тұлға ретінде қалыптастыру, олардың ақыл-ойын жүйелеу, ойлау қабілетін жетілдіру, дәлділікке үйрету, шындыққа тәрбиелеу мақсатында сауаттылыққа баулу-бүгінгі күн талабы, осының бәрі тәрбиешіге байланысты болмақ. Тәрбиеші баланы

жігерлендіруші, қуат беруші. Тәрбиеші информатор бақылаушы, тексеруші, жазалаушы қызметін тастап, керісінше ізденімпаз, зерттеуші, технолог, өнертапқыш, шығармашылықпен жұмыс істейтін жанашыр болуы керек. Оқу тәрбие үдерісін тиімді оқыту әдістерінің бірі-интерактивті әдіс-тәсілі бірлесе жоғары деңгейде әрекет ету, яғни оған іскерлік ойындар, рөлдерді орындау, сахналау, логикалық ойындар, зерттеу ізденушілік ойындар, танымдық ойындар, кимылды ойындар жатады. Жалпы «құзыретті педагог» дегеніміз-адамның өз мамандығы бойынша кәсіби және әлеуметтік пісіп жетілуі. Оқу-тәрбие үрдісін заман талабына сай жүргізетін, әдіс-тәсілдерді түрлендіріп отыратын, дамымалы білім, ортасына сіңісіп кете алатын маман болуы керек. Мектепке дейінгі балалардың физиологиялық, психологиялық ерекшеліктерін жан-жақты білуі керек. Балалардың ойын, оқу, еңбектегі ерекшелігін ескере білетін біліктілігінің қалыптасуы. Педагогикалық жаңа-әдіс тәсілдерді меңгеріп жаңаша жұмыс істей білуге қабілеттілігі. Жаңа технологияларды меңгерген кәсіби құзыреттілігі жоғары, шебер, адамгершілік, кісілік қасиеттері бар маман болуы керек.

Отбасымен іс-әрекет ұйымдастыруы.

Сауатты, эмоционалды мәнерлеп сөйлеуі.

Ұқыптылық, іскерлік стиль, әдеп, күлкі, ойлау және тыңдай білу, өзін-өзі ұстай білуі тәрбиешінің имиджі болып табылады.

Мемлекеттік ана тілде және басқа тілде қатынас жасай алуы.

Эстетикалық талғамының жоғары болуы

Бала пікірін құрметтеуі.

Қездейсоқ жағдайларда өзін-өзі басқаруы.

Қазақтың және басқа ұлттардың салт-дәстүрін білуі, насихаттау.

Хаттамаға баяндама қоса тіркелді.

3.Тыңдалды: Балабақша әдіскері Л.Саримсакова ұжымды психодиагностикалау мақсатында тест қабылдады. Тестте ұжымдағы әлеуметтік-психологиялық жағдайды зерттеуге арналған жедел әдістемелік сұрақтар болды. Ұжымдағы адамдардың жағымды, жағымсыз қасиеттері туралы, іскерлік біліктілігі, қабілеті жөнінде бір-бірінен көмек сұрауы, жеке тұлғалық қасиеттері, демалысты ұжым мүшелерімен өткізуге қалай қарайтыны, жұмыс жөнінде сұрақтар туындағанда кімге сүйенетіні, ұжымдағы қандай атмосфера басым екені жөнінде сұрақтарға жауап алынып, жауаптар құпия сақталады, иесі көрсетілмей жауаптары келесі кеңесте таныстырылатыны жөнінде айтылды.

4.Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі А.П.Шеріп балабақшаның жылдық жоспары бойынша «Балаларды жолда жүру ережелерінің қарапайым түрлері мен өмір

қауіпсіздігі ережелерімен таныстыру» тақырыбында өткен тақырыпты тексеру қорытындысына тоқталып өтті. Осы тақырыпта ,ортанғы топтарда тексерулер болды. Жалпы адамзат денсаулығы басты құндылығымыз, байлығымыз. Балаға да соны түсіндіре көрсете отырып санасын жеткізуге керек. Өз денсаулығын сақтау мен нағайтуға тәрбиелейміз. Өмірден кездесетін барлық қауіптен, қатерден, зияннан сақтап, сақтануға дағдыландыруымыз керек. Дегенмен қауіп айтып келмейді, үнемі мұқият болуға шақырамын. Өткен тексеру нәтижесіне тоқтасак: топтарда ата-аналарға балаларға арналған жылжымалы папкалар бар.

«Жол әліппесі»

«Өрт шыққан жағдайда»

«Абайлап жүр»

«Тазалық сақта»

Балаларды қарапайым жол ережелерімен таныстыруда қимылды ойындар, сахналау, ұйымдастырылған оқу қызметтері жоспарланған. Апталық жоспарларда тазалық, қауіпті заттардан сақтау, серуен кезінде мән беру жоспарланған.

Ұсынастар: жалпы бала ойын үстінде жаракат алғаны туралы жеке әңгімелер өткізіп, бейнетаспалар, жол ережесі туралы мультфильмдер, өмір қауіпсіздігі туралы түрлі-түсті суретті альбомдар жасау. Зиянды өсімдіктер мен жәндіктер туралы суреттер, роликтер жасау.

5.Тыңдалды: Ересек тәрбиешісі Г.Түркестан Сурет салу «Не домалақ пішінде?» тақырыбындағы ұйымдастырылған іс әрекеті талқыланды.

Сөйлегендер: Мектепте топ тәрбиешісі У.Ақшабаева тәрбиеші сабақты жақсы жоспарлаған. Балалардың түсті ленталармен байланыстырып тілек айтуының өзі баланың қиялының, тілінің байлығын дамытса, бәрі бір шанырақ астына жиналуы ынтымақ, татулыққа шақырғаны, жақсы көңіл-күйге ендіреді. Бауырсақтың костюмі де әдемі, сапалы болды. Балаларға зор қуаныш сыйлады. Әдіскер: Л.Саримсақова Балалардың зейінін аударатын құралдарға келсек, әр балаға арналған, жақсы жасалған, түймелеуге, жіптер өткізу, құммен жұмыс бала жүйкесін сабырландырып, жұмысты аяқтауға, тапсырманы орындау шеберлігін, ой-қиялын дамытады. Жұмыстың нәтижесіне қуанады. Әсемдікке ұқыптылыққа үйренеді. Бірақ балалар көбірек еркінсігендей болды.

Шешім:

- 1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы қадағалансын.
- 2.Бала жүрегін түсінетін, еңбекқор да, ізденімпаз болуға әрекеттену.

3.Тест сұрақтарына диагностика жасалып, келесі кеңесте сұхбат өткізілсін.
Жауапты әдіскер: Л.Саримсакова

4.Ұсыныстағы қауіпсіздік туралы материалдар толықтырылсын.

5.Тәрбиеші А.Молдакулова ұйымдастырылған іс әрекет қанағаттанарлық деп бағаланып, әдіс-тәсілдері оқу-тәрбие үдерісінде пайдаланылсын.

Төрайымы:  А.П.Шеріп

Хатшы:  У.Акшабаева



Педагогикалық кеңестің

№5 хаттамасы

26.05.2023ж

Қатысқандар: 11

Күн тәртібінде:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуын талқылау.
2. Тәрбиешілердің шығармашылық жұмыстарына есеп беруі.
3. Жазға маусымға арналған іс шаралар жоспарын бекіту.
4. Қорытынды мониторинг.

1.Тыңдалды: Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша меңгерушісі А.П.Шеріп сөз алды.

Құрметті әріптестер, кезектегі оқу жылы да аяқталды. Жыл бойы бар күшіміз бен білімімізді, еңбек ете отырып бала бойына сіңіруге әрекет еттік. Әр бала ашылмаған жаңалық, жазылмаған дастан. Көздеріне қарап бар мейірімділікті бергің келеді, әлсіз де икемсіз қолдар мен саусақтарды жан бітіріп, түрлі икемге тәрбиелейміз. Болмашы кимыл іс-әрекет, былдырлаған тілі өзіне бір қуаныш пен сенімділік әкеледі. Ата-ана да бізден осыны күтуде. Білім мен тәрбие қатар жүретінін ұмытпайық. Күшімізді ата-анамен біріктіре отырып болашақ еліміздің тірегі, ұрпағын тәрбиелеуде немқұрайлылық танытпайық.

2.Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша тәрбиешілер өз шығармашылық жұмыстарына есеп берді. Және есеп қортындысы жөнінде балабақша меңгерушісі А.П.Шеріп тоқталып өтті: әр баланың қиялын дамытып, бойындағы өнерді, талапты жандандыруда шығармашылық қасиет керек. Ал, әр педагог бойындағы қасиет қай салаға бейімді екенін, немесе өзі бір қызығатын тақырыпта ізденіп, тәжірибе жинақтау, материалдар жинап, бала бойындағы қасиеттерді оятуға себебі тисе дейміз. Мына тақырып ыңғайлы деп қана емес, қызықты тақырып алу қажет. Және үнемі ізденіп, дамытып, өзі де дамып отырады. Бәріміздің солтұсымыз шетте қалып қояды, тақырыбымыз сол, жыл бойы ықтияттап естен шығармау, басқа салалармен байланыстыра отырып жұмыс істеу керек. Бәріңіздің материалдарыңыз аз, іздену де аз. Ойларыңызды жинақтап, тиянақты жұмыс істеулеріңіз қажет.

3.Тыңдалды: Жазғы маусымға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту, жүргізу жөнінде балабақша меңгерушісі А.П.Шеріп тоқталып өтті:

Жазғы маусымға әр топта балалардың жас ерекшеліктеріне сай, балалардың денсаулығын сақтау мен нығайту мақсатында іс шаралар жүргізіледі. Түрлі серуендер, ойындар, зерттеу-ізденуші ойындары, балалардың шығармашылығын арттыруға, ұжымда тату-тәтті, достарымен бірлесе ойнауды, шомылуды, күнге күйдіріну, спорттық ойындар, сумен ойындар, сахналық қойылымдар жоспарланды.

Әр белгіленген жауапты педагог, іс-шараны сапалы безендіріп, жауапкершілікпен қызықты өткізуге тиісті. Ең бастысы өткізілген іс-шара кезінде күн астында ұзақ

қалмауы, қауіпсіз болуы керек. Міндетті түрде мейірбикенін қатысуымен өткізіліп, бакылауда болуы керек. Және өткізілген іс-шара суреттермен әдіскерге өткізіледі.

Тыңдалды: Келесі мәселе жөнінде де балабақша менгерушісі А.П.Шеріп жалпы қорытынды мониторингке тоқталды:

Балабақшамыздағы жүргізіліп отырған оқу тәрбие жұмысының сапасы мен санын жыл соңында қортындылап бағалайтынды білеміз. Әр педагогтың өз еңбек өтіліне қарай бұл нәтиже жаман емес. Бірақ жалпыға міндетті білім беру стандарт ережелеріне көбірек мән беру, бағдарламаларды толық менгеріп, балалармен жұмыс жасағанда, практика мен теорияны байланыстырып, нәтижеге жетсек, еңбек етейік. Оған көп күш жігер, табандылық пен білім қажет. Заманауи талапқа сай педагог болуға әрекет етейік, талап етемін.

Шешім:

1. Балалар жүрегіне жол табатын мейрімді іс-әрекеттерге, табыстарға ұмтылу.
2. Белгіленген шығармашылық тақырыптарының мазмұнына, мақсатына сай материалдар жинақтап, толтыру, іздену.
3. Жазғы маусымға арналған, бекітілген іс-шаралар өз уақытында жауапкершілікпен өткізілсін.
4. Тәрбиешілер өз біліктілігін көтеру курстарына жіберілсін, ізденіп біліктілігін арттырсын.

Төрайымы:  А.П.Шеріп

Хатшы:  У.Ақшабаева

